

1 наурыз – «Алғыс айту күні» бөбекжайларымыз балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу мақсатында «Ризашылық» тақырыбында мерекелік шара өткізді.



8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні



14 наурыз «Көрісу күні» балаларға ұлыстың ұлы күні амал мерекесі туралы мағлұмат беру; Балаларды елін, Отанын сүйуге, ұлттық салт-дәстүрін дәріптеуге тәрбиелеу мақсатында.....

15 наурыз «Қайырымдылық күні» Мейірімділік пен жанашырлық кезеңі. Бұл күн қайырымдылық, мейірімділік пен тату көршілікті насихаттауға арналған.



16 наурыз «Мәдениет және ұлттық дәстүр күні»..



17 наурыз «Шаңырақ күні»





18 наурыз «Ұлттық киім» күніне орай «Айгөлек» бөбекжайының «Гүл» тобының тәрбиешісі «Ұлттық киім-халық қазынасы» атты мерекелік шара өткізді.



19 наурыз – «Жаңару күні» осы мезгілде табиғат түрленіп, тіршілік қайта жанданады. Бұл күн ел өмірінде және әрбір қазақстандықтың өмірінде жаңа кезеңнің басталуын білдіреді. Бұл – алға жаңа мақсат қойып, жаңа жобаларды бастау, өмірді жақсылыққа қарай өзгерту туралы шешім қабылдау уақыты.



20 наурыз «Ұлттық спорт» күніне орай, "Айгөлек" жеке бөбекжайының "Ай" тобында, Болашақ қазақ халқының ұрпақтарына еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына еңгізу мақсатында "Ұлы дала елінің ұлттық ойындары" атты ашық тәрбие сағатын тәрбиеші өткізді...





21 наурыз «Ынтымақ күні»

Бұл күн өткенді еске түсіруден, ата-бабамыздың қазіргі уақытты қалыптастыруға және сақтауға қосқан үлесінің маңыздылығын түсінуден тұрады. Бұл ел үшін маңызды тарихи оқиғалар мен ұлттың жетістіктерін еске алу уақыты, сонымен қатар елдегі әр түрлі топтар мен қоғамдық топтарды біріктірудің маңыздылығын білдіреді.

22 наурыз «Жыл басы»

23 наурыз «Тазару күні»

Балаларды ғарыш әлемімен таныстыру. Ғарышкерлер туралы мәлімет беру арқылы ғарышкерлерге деген сый-құрметтерін нығайту. Балаларға ойын ойнату, таклақ жаттату арқылы қимыл-қозғалыстары мен тілдерін дамыту мақсатында «Ғарыш әлемі» тақырыбында оқу ісі әрекеті оздырылды.



Сенбілік мақсаты тазалық қана емес, бірлік, еңбек пен салауат, қоршаған ортаны аялау сынды қоғамды ізгілікке бастайтын құндылықтарды қамтитыны белгілі. Сондықтан, осы сенбіде де «Айгөлек» бөбекжайының ұжымы ауланың ішіне, сыртының тазалығы жұмыстарына жұмыла кірісіп, белсенділік танытты.



Бүгін «Айгөлек» ұжымының қыздары өз міндеттерін абыроймен, жауапкершілікпен атқарып, балалардың өмірі мен қауіпсіздігіне жағдай жасауда елеулі еңбектері еленіп, қаламыздың білім беру бөлімінің басшысы И.Амертаевадан Алтын хаттарымен марапатталды.





29.04 күні, № 49 «Ақниет» балабақшасында өткен «Екі жұлдыз» ән байқауына «Гүл» тобының тәрбиеленушісі Оразғали Нұрберген, «Болашақ» тобының тәрбиеленушісі Махсот Айнамкөз қатысып, 1 орынға ие болды.



1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін балаларға жеткізу; Ұлтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі – өнегесін балалардың бойына сіңіру мақсатында «Гүл» тобының тәрбиешісі «Бейбітшілік – ел тілегі» атты мерекелік тәрбие сағатын өткізді.







Балаларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу мақсатында «Ұранды ердің – ұрпағы қайсар» тақырыбында «Гүл» тобының тәрбиешісі тәрбиелік шара өткізді.





“ Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы “ тақырыбындағы ұйымдастырылған семинар....



«Айгөлек+» бөбекжайының «Нұр» тобының тәрбиешісі «Мен зерттеушімін» танымдық-зерттеушілік республикалық байқауының қалалық кезеңінде ІІІ орын алып, Дипломмен марапатталса, «Мен зерттеушімін» танымдық-зерттеушілік республикалық байқауының қалалық кезеңінде «Жас экологтар»

номинациясы бойынша «Әлем-Нұр» бөбекжайының «Болашақ» тобының тәрбиешісі Алғыс хатпен марапатталды.

«Әлем-Нұр» бөбекжайының «Болашақ» тобының тәрбиеленушісі Максатов Мухамед Әли отбасылық сайысқа қатысып, Алғыс хатпен, сыйлықтармен марапатталды.

Бөбекжай менгерушісі және әдіскері Алматы облысы, Талғар қаласында өткен Республикалық семинарға барып қатысты. Семинардың мақсаты: құзыреттілік орталықтарының озық педагогикалық тәжірибесін тарату арқылы жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру қызметтерінің сапасын арттыру.



«Әлем-Нұр» бөбекжайымыздың түлектер «Болашақ» тобы



«Айгөлек+» бөбекжайымыздың түлектері «Нұр» тобы



«Айгөлек» және «Әлем-Нұр» бөбекжайлары Балабақшадағы тәрбие мен білім беру процесінде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығын түсіну және оны жүзеге асыру жолдарын талқылау мақсатында «Ұлттық құндылықтар негізінде SMART технологиясы арқылы білім беру» тақырыбында қалалық семинар өткізді.



ЖПС «Ишбаев Е.А.» «Айгөлек»
жеке бөлөкчөсүнө

Такырыбы:

«Үлттүк кундубыктар
негизинде SMART
технологиясы аркылы билим
беру»





«Айгөлек», «Айгөлек+», «Әлем-Нұр» бөбекжайларында Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, такпак, өлең, әндерді нақышына келтіре айтуды үйрету. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу мақсатында 1 – маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған жазғы сауықтыру «Бар мейіріміміз балаларға» атты мерекелік шара өтті



«Айгөлек» бөбекжайының «Шуақ» тобының тәрбиешісі балалардың жазғы демалыс уақытын көңілді өткізу, балалақша мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Қалпақтар шеруін» өткізді.



«Айгөлек» бөбекжайының «Гүл» тобының тәрбиешісі ұлттық аспабымыз домбыраны дәріптей отырып, кимылды ойын ойнату. Домбыранын киелі екендігін, әр қазақтың төрінде тұру керек екендігін, оны қос ішегін қаға отырып, күйші болуға, сыңғырлаған дәстүрлі әнші болуды бала бойына түсіндіре отырып сіндіру. Қазақ екендігімізді домбыра арқылы таныта

білетімізді үйрету, бала бойына дағдыландыру мақсатында «Алтын домбыра» атты тақырыбында жазғы сауықтыру іс шара оздырды...





Балаларға еліміздің бас қаласы - Астана туралы мәлімет берілді..







Самокаттар шеруі – 2025!

«Әлем-Нұр» бөбекжайында ерекше шарда «Болашақ» және «Балапан» топтарының тәрбиеленушілері белсенділік танытып, ұйымшылдықтары мен ептіліктерінің арқасында алғыс хаттармен марапатталды! Балаларға шабыт сыйлаған бұл шарда олардың батылдығы мен жылдамдығы бізге үлкен қуаныш пен мақтаныш сыйлады. Барлық қатысушыларға және қолдау көрсеткен тәрбиешілерге алғыс айтамыз!







«Балапан» тобы





Сахна төріне шыккан түлектер бөбекжайдан үйренген өнерлерін көрсетіп, тәрбиешілер мен бөбекжай қызметкерлеріне тақпақтап алғыстарын білдірді.















«Ай» тобы



«Шуақ» тобы





Облыстық семинар «Интеллектуально-развивающие игры как инструмент учебного процесса»







